



Мұнайлы АЛЖЕ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№06 (140), шілде, 2021 жыл



РОДИНА, ПОЛУЧАЙ 200 МЛН ТОНН
МАНГЫШЛАКСКОЙ НЕФТИ




МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНА



5.VII.1961г. ЗДЕСЬ ПОЛУЧЕН ПЕРВЫЙ ФОНТАН НЕФТИ НА МАНГЫШЛАКЕ. УЧАСТНИКИ ФАКЕЛЬНОГО ШЕСТВИЯ.

**60 ЖЫЛ БҰРЫН –
1961 ЖЫЛДЫҢ 5 ШІЛДЕСІНДЕ
МАҢҒЫСТАУДА МҰНАЙДЫҢ
АЛҒАШҚЫ БҰРҚАҒЫ АТТЫ**



Тағайындау

КӘСІПОДАҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ

23 маусым күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кеңсесінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Конференция жұмысына 64 делегаттан 54 делегат қатысты.

Алдымен делегаттар кәсіподақ комитетінің жұмысы туралы есептен танысты, содан кейін екі кандидатураның ішінен балама негізде кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасын сайлау өтті.

Көпшілік дауыспен Мәди Нұрғалиұлы Кентанов «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің жаңа төрағасы болып сайланды.

Мәди Кентанов 1973 жылы Маңғыстау облысы Шөбір ауылында дүниеге келген.

2007 жылы «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті РМҚК бітірген.

Еңбек жолын 1994 жылы «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ ҒЗЖӨЖЦ ұңғымаларды зерттеу операторлығынан бастады.

Әр жылдары «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ МГӨЦ-1-де оператор, шебер, инженер, бастықтың орынбасары болып жұмыс істеді.

2012 жылдан 2018 жылға дейін «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ МГӨЦ-4 бастығы.



2018 жылдан 15.06.2021 жылға дейін – «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ҚҚҰЦ бастығы.

2021 жылдың 16 маусымынан бастап – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік департаменті Өндірістік-техникалық бөлімінің Мұнай және газ өндіру жөніндегі жетекші инженері.

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары – «Қазақстан

мұнай-газ кешені салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сұлтан Қалиев және конференция делегаттары Мәди Кентановты кәсіподақ комитетінің төрағасы лауазымына сайлануымен шын жүректен құттықтап, оған табыс және жемісті жұмыс тіледі.

Сұлтан Қалиев пен конференцияға қатысушылар бұдан бұрын кәсіподақ комитетін басқарған Тарғын Нұралыұлы Мысамбаева атқарған жұмысы үшін шын жүректен алғыс айтып, ұзақ әрі мінсіз еңбегі үшін зор ризашылықтарын білдірді, оған амандық пен табыс тіледі.

Правлению АО «Мангистаумұнайгаз»

Благодарственное письмо

Как Вам известно, на эксплуатационной скважине №8407 начатой строительством 21.05.2021 года ТОО «ИБК «СиБу» 29.05.2021 года во время бурения на глубине 306 метров произошел выброс газа водяной (ГВП) смеси.

Членами бригады своевременно герметизировано устье скважины с закрытием универсального превентора (ПУГ).

Многочисленные попытки со своими силами восстановления циркуляции с приготовлением и закачкой бурового раствора с добавлением антипоглощающих реагентов («Бентонит» + «801» 3% + «LCM» 10% + «ZND-1» 0,125%) через трубное пространство не дали положительных результатов. Закачен в забойную зону ВУС в объеме 3 м³ и цементный раствор в объеме 12 м³. Безрезультатен.

При наблюдении за скважиной в за трубном пространстве давление составило P=7 атм и в трубном пространстве P=0 атм.

01.06.2021г. при осмотре территории вокруг буровой площадки появились незначительные грифоны в виде пузырения.

В связи возникновением риска повторения ситуации как и в соседних аварийных скважинах №8237, 5918 экстренно был создан приказ о создании оперативного штаба по ликвидации осложнения на скважине №8407 м/р Каламкас под председательством генерального директора АО «Мангистаумұнайгаз».

Специалистами АО «ММГ» были предложены комплекс подготовительных и порядок проведения работ по ликвидации осложнения в интервале возможного проявления и поглощения 306-50 метров.

Благодаря верному планированию работ и кропотливому труду специалистов АО «ММГ» аварийная ситуация происходящих в скважине была ликвидирована.

ООО «Инженерная Буровая Компания «Си Бу» при CNPC выражает искреннюю благодарность коллективу АО «Мангистаумұнайгаз» за оказанную технологическую помощь и содействие при ликвидации аварии на скважине №8407 на месторождении Каламкас АО «Мангистаумұнайгаз».

Особую благодарность выражаем Директору департамента бурения и капитального ремонта скважин Батыргалиеву Бауыржан Утегалиевичу, Начальнику отдела бурения Демеуову Балтабай Алибаевичу, ведущему инженеру отдела бурения Асаеву Мереке Избасовичу, Начальнику ПУ «Каламқасмұнайгаз» Сарсенбай Нурпеису Мизамбайұлы, Начальнику отдела бурения и капитального ремонта скважин ПУ «Каламқасмұнайгаз» Амантурлиеву Беріку Арыстановичу, Ведущему инженеру отдела бурения и КРС ПУ «Каламқасмұнайгаз» Кадірбаеву Еркебулану и Заместителю начальника ЦИТС ПУ «КМГ» Бержанову Алмас Каржауұлы за оперативность, принятые нестандартные решения и предоставленное оборудование при ликвидации аварии. Специалистами АО «Мангистаумұнайгаз» предприняты безотлагательные меры оперативного действия по предотвращению дальнейших осложнений по скважине.

С уважением,

Генеральный директор

Zhang Zhongzhi

Экология

Всемирный день окружающей среды или день эколога считается одним из самых важных событий экологического календаря. Он ежегодно отмечается 5 июня более чем в 100 странах мира. Природа щедро одарила нашу землю ресурсами, и главной задачей для всех нас является сохранение этого богатства и разнообразия, чтобы будущие поколения смогли увидеть всю эту красоту.

БЕРЕЧЬ ПРИРОДЫ ДАР БЕСЦЕННЫЙ

Широко отмечается Всемирный день окружающей среды и в акционерном обществе «Мангистаумұнайгаз». Экологи компании прекрасно понимают, что здоровье населения невозможно без благоприятной окружающей среды, поэтому сегодня экологическая безопасность – одно из главных требований, которое предъявляется к любому современному производству.

В канун профессионального праздника на месторождениях Каламкас и Жетыбай состоялись встречи, с трудовым коллективом в ходе которых руководство службы охраны окружающей среды и парниковых газов ДТБОТиООС подробно рассказало присутствующим обо всех аспектах нового Экологического Кодекса РК.

На сегодняшний день экологами ДТБОТиООС совместно со специалистами ДУЧР разработана программа обучения по новым изменениям экологического законодательства РК с приглашением лекторов с охватом более 100 человек, включая руководство компании, руководителей цехов и участков. Работа по обучению будет продолжена на ежегодной



- За вклад в улучшение экологического состояния - Производственный департамент;

- За внимание к вопросам охраны окружающей - руководитель группы по добыче и подготовке нефти, газа и воды ПД Алданбай Сисенов и ведущий инженер ОНТ ПД Каныш Акмурзин.

В рамках профессионального праздника, разрешите поздравить своих коллег из службы ООСИПГ, всех сотрудников АО «Мангистаумұнайгаз» с замечательным и важным для человечества праздником – Днем эколога!



основе, потому что к новому Экологическому Кодексу выйдут дополнительно порядка более 150 нормативных документов, требующих изучения.

Всемирный день окружающей среды - это праздник не только экологов, но и важная дата для всех кто неравнодушен к судьбе будущих поколений, тех, кто вносит неоценимый вклад в защиту природы. В ходе встречи руководители нефте-промышленности, совместно с руководством ДТБОТиООС памятными подарками и почетными грамотами поощрили подразделения и работников, которые по собственной инициативе уделяют большое внимание вопросам охраны окружающей среды.

По ПУ «Жетыбаймұнайгаз» были отмечены следующие работники:

- За озеленение и благоустройство территории УСГ - операторы УСГ ЦПТГиЭГХ Оразбиби Оразгалиева, Алия Жылкыбаева, Коркем Жанет, Райхан Узакбаева, Асемгул Едилбайкызы;

- За посадку зеленых насаждений - начальник ЦПОНО Абдолкерей Гимранов;

- За инициативу проведения субботников по очистке территории - начальник ЦДНГ-1 Ержан Ишанов.

По ПУ «Каламқасмұнайгаз» за внимание к вопросам экологии были отмечены следующие работники:

- Первый заместитель начальника ПУ «Каламқасмұнайгаз» Махсат Нургабылов;

- Заместитель начальника участка экологии Ерлан Танбаев;

- Мастер участка экологии Сисенбек Нурбаев;

- Начальник ЦДНГ-2 Жақан Ақтөре.

По АУП АО «Мангистаумұнайгаз» были отмечены следующие подразделения и работники:

Данный праздник – это не только день, когда мы заявляем о профессиональной солидарности, это дата – напоминание о хрупкости окружающей среды и о нашей персональной ответственности за каждое дерево, чистую воду и все живые существа, живущие вокруг нас. Это возможность задуматься о собственной роли в области охраны окружающей среды. Радостно осознавать, что наше экологическое сознание постепенно меняется, все больше людей интересуется вопросами экологии, появляются молодежные экологические движения, общественные организации и т.д. Все хотят жизнь в благоприятной окружающей среде, соответственно на законодательном уровне в городах и районах будут вводиться целевые экологические показатели, выдаваться индикаторы с целью контроля за качественными показателями окружающей среды.

Мы понимаем, что улучшение условий жизни необходимо начинать, прежде всего, с себя, своего дома, своего подъезда, своего микрорайона, своего города и области.

Профессия эколога очень благородная и нужная для Общества, экологи тратят много сил, времени, нервов и труда и результаты не заставляют себя ждать. Результаты уже есть и будут хорошо заметны в будущем, так как это благородный труд на перспективу.

Искренне желаю всем кто работает в рядах защитников природы, новых свершений, перспективных проектов, экологических инициатив и удачного воплощения в жизнь!

С уважением,

Жаннат Екибаева,
руководитель службы
ООСИПГ ДТБОТиООС

Маңғыстау мұнайына – 60 жыл!

ҚАЗЫНАЛЫ ТҮБЕКТИҢ ҚАНАРМАНЫ



– Жолдас аға, алғашқы мұнай көзін ашқандардың есімін бұл топырақтың еңбектеген баласы мен еңкейген қариясы таниды десек артық айтқандық емес. Сіздің өмірбаяныңыз – мұнайлы Маңғыстаудың тарихи баяны. Дегенмен, әңгімеізді Маңғыстауға алғаш келген кезіңізден бастасак...

– Мен мұнайлы Маңғыстау өңіріне Атырау облысы Қосшағыл ауылынан 1958 жылы комсомолдық жолдамамен келген едім. Алғаш рет Қызан деген жерге алғаш табан тіредік. Үкімет тарапынан арнайы тапсырма болып, соның негізінде Ресейдің Түмен мен Қазақстанның Маңғыстау өңірлерінде геологтар барлау жұмыстарын жүргізіп жатты. Түмен жақ орманды алқап болғандықтан қалың ағаштың арасына тікұшақпен болмаса, техника дендеп кіре алмайды. Ағаштарды кесу керек, көліктерге жол ашу керек дегендей күрделі жұмыстары бар. Ал біздің жер екібастан құлазыған дала ғой. Жоғары жақтан осындай тапсырма болғасын, Қаныш Сәтбаев ағамыз, сол кездегі ел басшысы Дінмұхамед Қонаев қалайда мұнай көздерін ашып, табу керек деген тұжырымға келді. Қ.Сәтбаев ҚазССР депутаты болған жылдары Маңғыстау өңіріне келген екен. Райком хатшысын ертіп, халық ақыны Сәттіғұл Жанғабайлов деген ақсақалдың үйіне сәлем бере барған. Ол кісі «Маңғыстау – құлазыған дала. Жұрттың бәрі Оралға Ақтөбеге, Атырауға көшіп жатыр. Халық азайып барады, өндіріс жоқ, теңіз жағасында тек балық шаруашылығы және азын-аулақ мал шаруашылығы ғана бар. Жағдай қиын болып тұр» деген өтінішін айтыпты. Қаныш ағамыз: «Мен Маңғыстауды түгел зерттеген адаммын. Елде соғыс болды, әртүрлі қиыншылықтарды өткердік. Ендігі жерде Менделеев кестесіндегі қазба байлықтың барлық түрі де осы өлкеден табылатын болады. Маңғыстау әлі көркейеді» деген екен. Ақсақал сол сәтте ризашылығын Қаныш Сәтпаевқа өлеңмен жеткізген екен деседі.

– Маңғыстау аймағынан мұнай көздерін іздеу жұмыстары қай кезден басталды? Алғаш мұнай барлау кезінде қиындықтар да аз болмаған шығар?

– Қаныш Сәтпаев ағамыз бірде Атырауда екі күндік слет жасады. Мұнайшылар мен барлаушы геологтардың басын қосқан алқалы жиында баяндама жасады. Ол тұста Қазақстанда ашылған Доссор мен Мақаттағы өндіріс көлемі аз, бүкіл өңірлерде тың игеру жүріп жатқаны белгілі, ал техникаларды жанармаймен қамтамасыз ететін жағдай жоқ еді. Қаныш Сәтпаев сол слетте мұнай-газ көздерін іздеудің маңыздылығын, әуелгі кезекте Жайық бойынан, одан соң Ақтөбе, Маңғыстау аймақтарынан қарау қажеттігіне баса назар аударды.

Осылай Маңғыстаудан Батыс Қазақстан геологиялық басқармасы (ЗКГУ - Западно-Казахстанская геологическая управление) деген жаңа мекеме құрылып, басшылары сайланды. Маңғыстаудан трест ашу керек болды. Бұл аймаққа адам бара қоймайтындықтан, Құлсарыдағы конторды жабу қажет болды. Өйткені Маңғыстаудың сол кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдайы белгілі еді. Осылайша Құлсарыдағы контор жабылып, маман-дардың бірқатары сонда қалды. 40-50 адам Маңғыстауға

Қазыналы да, мұнаралы түбек. Елдің данасы, абыз Әбіш Кекілбаевша айтсақ «ұйқысынан оянған ару». Әлемнің әдемі теңеулеріне сұранып тұрған Маңғыстау өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін табиғаты қатқыл қуаңшылық жайлаған құладүз болатын. Алыстан ағылған геолог-барлаушылардың келуімен құла дүзге шырай кірді. Геологтарға жартыаралдың жерасты қоймасының кілтін табу оңай болған жоқ. Кен қорын іздеп-табу ұзақ та қиын болғанмен, жанкешті еңбек табысқа жеткізді.

Осыдан жарты ғасыр бұрын Жетібай кенорнындағы әйгілі №6 ұңғыдан атқылаған алғашқы мұнай бұрқағы өлкенің шапшаң өркендеуіне негіз қалады. Содан бергі уақыт ішінде қанатын кеңге жайып, қазіргі күні ел экономикасының күретамамырына айналған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Жетібаймұнайгаз» өндірістік бірлестігінің құрылғанына – 55 жыл. Мерейлі мереке қарсаңында Жетібайдың жұлдызын жаққан жандардың бірегейі, Қазақстан жер қойнауының құрметті барлаушысы, Ленин, «Құрмет» ордендерінің иегері, ардагер мұнайшы Жолдас Токжанов туралы әңгімеіздің әлқиссасы.

баратын болды. Атыраудан ұшақпен Форт-Шевченкоға келіп, трестің Бердіғожин Адаевич деген басшымен кездестік. Келген бетте «бұл арада қонақүй жоқ, контордың ішіне жатасыздар» деді. 110 процент айлық төлейтін болды. Киім-кешектер берілді, содан соң Бозашыға баратын болдық. Қаңтар айы. Таушыққа келдік, онда да ешқандай қонақүй, жатын орын дайындалмаған. Қазақылғымызға салып, әркім үйіне қонақ қылды. Ертесіне Бозашыға жолға шығып, Мәстек деген жерге жеттік. Бұл – 110 құдығы бар жылқы фермасы орналасқан жер екен.

мұнай айдап, жібітіп, құбырды шығармақ болған әрекетімізден еш нәтиже болмайды.

– **Иә, бұл әйгілі Жетібайдағы ең алғаш атқылаған мұнай фонтаны ғой. Оқиға қалай өрбігенін айтып берсеңіз...**

– Құбырды төменгі қабаттан ұстап қалған. Ақылдаса келе басшылар «сол құбырды колонна есебінде пайдаланындар, сыртынан цемент құйындар» деп тапсырма берді. Цемент құйылды. Бір күні мұнай алу үшін соны қайта тесу керек болды. Мен сол кезде күндізгі вахтада бұрғышы едім. 20 тесік жасап, құбыр жіберу керек, яғни 2389-2386



Қасымызда Баранов деген трест меңгерушісінің орынбасары бар. «Мынау – жылқы қора. Осыны тазалайсындар, жатақхана қылып осында түнейсіндер», - деді. Келген адамдар аң-таң. «Мал қораға қалай жатамыз? Иісі деген аңқып жатыр. Жоқ, біз кейін кетеміз», - дестік. Сонан колхоздың орталығына бардық. Сол жерден бос тұрған жертеле табылып, қалатын болдық. Қысқасы сонда екі-үш ұңғыма қаздық.

– **Бұл ұңғымалардан мұнай шықты ма? Мұнай-газ іздеу жұмыстары одан әрі қалай жалғасты? Мұнай барлаудың машақаты қандай?**

– Жок, ол маңнан шыға қоймады. Барлаушы геологтар болып ұңғымалардан мұнай шықпағасын Жетібай, Жаңаөзен бағытын бетке алдық. Жетібайда жертеле қазып, жатақ салып, жайғастық. Отбасыларымызды көшіріп алдық.

Мұнда тереңдігі 3 500 метр болатын №1,2 ұңғыманы қаздық. 2 мың метрден асқан кезде мұнай қабаттары кездесті. Үлкен диаметрлі құралмен қазуды жалғастыра бердік. Осылай қазып жатқанымызда құбыр қысылып қалды. Май айдап шығармақшы болып едік, басшылық жақтан «құбырды шығармаңдар. Колонна есебінде қалсын» деген бұйрық келді. Ашылып тұрған қабаттан геологтарға мұнай алып бердік. Соны сынақтан өткізіп, Үкіметке көрсетуіміз керек. Бұл ұңғыма тәулігіне 10 тонна мұнай беретін болды. 1961 жылдың жазында Николай Петров деген бұрғышы-шебердің бригадасында бір бұрғышымыз ауырып қалып, №6 ұңғымаға бұрғышы болып келдім. Сол кездері бұрғышылардың ішінде ең жасы едім. 4 шілде күні таңертең Жетібай алаңында №6 ұңғымадан мұнай алу үшін бар күш-жігерімізді салып жұмыс істедік.

Алынған заттар Атырауда сараптамадан өтіп жатты. Содан көп ұзамай біз жұмыс істейтін өндіріс басында ұңғымадағы құбырды тағы қысып қалады. 15 тоннадай

метрден перфорация жасау қажет болды. Каротаж отряды бірінші шаблонды жіберді, ол қажетті тереңдікке дейін тоқтаусыз бойлады. Осы каротаж жұмыстары аяқталған соң біздер 750 метр тереңдікке дейін НКТ-құбырын жіберіп, вахтаны келесі ауысымдағы әріптестерімізге тапсырып кеттік. Кешке қарай сағат 8-дердің шамасында партия ұйымының жиналысы болып, күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Жиналыста өндірістегі жұмыстың өнімді жүрмей жатқаны айтылды. Бірінші мәселені қарап, партком хатшысын сайлап бола бергенімізде есік ашылып, сырттан Найзабек Толтырбаев бұрғы бойынан мұнай атқылап жатыр деген хабарды жеткізді. Сонымен жиналысты қысқартып, түн ішінде бәріміз жүк машинесіне мініп, ұңғыма басына бардық. Барсақ, гүрілдеген дауыс жер жарып жатыр, мұнай 50 метр биіктікке дейін атқылап жатыр екен.

Таңертең сағат 5:30 шамасында өндіріс басына Батыс Қазақстан геологиялық партиясының бас инженері Ф.Васильев, МНР – трестің бас инженері А.Хисметов, бас геологы П.Токарев, бұрғылау басшылары Д.Үсенов пен Х.Тәжиевтер келді. Жағдайды көрген бас инженері Ф.Васильев: «Мына ұңғыма бұрқағы қатты екен, адам өлуі, өрт болуы мүмкін, біздің қолымыздан келе қоймас, Бақуден мамандар шақырайық» деді. Бірақ, бізге осы сәтте қандай жұмыстар жасау керек екені белгілі еді. Дүйсен Үсенов бізбен ақылдасып, кенесе келе, «өзіміз жабамыз» деген шешімге келдік. Бірауыздан «Бізге Бақудің көмегі керек емес. Өз мұнайымызды өзіміз ауыздықтаймыз» деп жауап бердік. Бұрғышылар болып екі вахтаға бөлініп, фонтанды жабуға кірістік. Сол кездегі арпалыс жан алысып, жан беріскендей болды. 20 минут сайын кезекпе-кезек бұрқырап жатқан фонтанға түсеміз. Қара майға шомылдық. Күннің температурасы 40 градус болса, мұнайдың қысымы одан да жоғары. Фонтанмен төрт сағаттай алыстық. Шұңқырда мұнай қойны-қойнышымызға

құйылды. Д.Үсенов жағдайдың бәрін көріп тұр. Осылай қазақ мұнайының тарихына «Маңғыстаудың алғашқы мұнай фонтаны» боп енген сол №6 ұңғыма бұрқағын 1961 жылдың 7 шілде күні сағат 14:00-да ауыздықтадық. Кейін анықтасақ, қысымы 280 атмосфер, мұнайдың температурасы 70 градус болған екен. Үстімізге қалың киім, аяққа герзі етік киіп барасын, бірақ от деген өтіп барады. Ауыстыратын киім беріп жатыр ғой, бірақ әп-сәтте майға батасын. Бұрқақты бітеп үлгерем дегенше төгілген мұнай шамамен 400 текше метрден асты. Тіпті екі бульдозерші ұңғыма жанынан амбар қазып үлгері алмай жатты.

От пен өлімнің арасында үлкен ерлік жасаған азаматтарды атап өтер болсам, осы үлкен МНГР-трестің бас инженері Асабай Хисметов, күрделі жұмыстар жөніндегі шебер Дүйсен Үсенов, барлау бастығы Хасан Тәжиев жүргізді. Сондай-ақ менің қарауымдағы 1-ші вахтада бұрғышының көмекшілері – Оңғар Қабжанов, Кесікбай Науанов, Қаршыға Жалғасбаев, Әділ Жанғалиевтер, Сабырбай Шонтабаев басқарған 2-ші вахтада – Сергей Левицкий, Санатбай Масатов, Петр Шамрай, Кесікбай Өтегенов сынды жігіттер болды. Мұнай бұрқағын бітеуге қатысқан жұмыскерлерге ақшалай сыйлық берілді.

Қазір заман өзге ғой, сондай арпалысты көзімен көрген бір-екі адам ғана қалды. Бұрғышыдан жалғыз мен қалдым.

– **Аға, өзіңіз бар ғұмырыңызды осы салаға арнадыңыз ғой. Мұнайшылықты кәсіп қылған бүгінгі буын өкілдеріне қандай ақыл-кеңес айтасыз?**

– Жалпы мұнай өндірісіндегі жұмысты көмір қазған шахтадағы еңбекпен бірдей деп білемін. Қауіп-қатер бар. Өндіріс деген өнімі жоғары, сондай-ақ жауапкершілігі де үлкен іс қой. Бүгінгі технология дамыған заманда көптеген жұмыстар техниканың күшімен оңай игеріліп жатқан болар. Дегенмен әр істің артында үлкен білім, қажыр-қайрат, тәжірибе жатуы қажет деп ойлаймын. Сонда ғана еңбегің нәтижелі болады. Міне, осы өлкеде алғаш мұнай көзін ашқан сәттен бері жарты ғасырдан аса уақыт өтті. Бүгінде замана келбеті өзгерді. Барлық өндіріске, оның ішінде мұнай-газ саласына да жаңа технология жетістіктері еніп жатыр. Оған біз қуаныштымыз. Еліміз өркендеп, дами берсін, болашағы баянды, келешегі кемел болғай деп тілеймін.

– **Әңгімеізге рақмет!**

Әлқисса, түбек тарихының тірі куәгерлері аман болса, әлі де тағалымды ой, тартымды әңгіме айтыла түсетіні анық. Жолдас ағаның мұнай мен мұнараның аралы аталып кеткен Жетібайдың жолдарында жүріп өткен іздері, ерен ерлігімен еселе еңбегі жатыр. Төккен термен еткен еңбектің қашанда еш кеткен жері жоқ. Ендеше мерейлі күні мереке төрінен табылар Жолдас Токжанов сынды жандар аман болсын!

Сұхбаттасқан Жаннат Кемал

Жерұйығым - Жетібай

*Жетібайым – жерұйығым, өзегім,
Бауырынан тапқан мұнай өзенін
Болсадағы сол бір күнге 60 жыл,
Әліде мол туған елге берерің.*

*Алтыншы ұңғыдан бұрқақ кенет атылып,
3 күннен соң азар ғана басылып.
Сол арқылы шартарапқа жіберді,
Маңғыстаудың абыройын асырып.*

*Қойнауында толы мұнай, газы бар.
Құрылысқа ұлу тасы тағы бар,
Жетібайым тұңғырынан түскен жоқ,
Миллиондаған «қара алтын» әлі бар.*

*Жетібайым – жерұйығым, өзегім,
Бауырыңнан тапқан мұнай өзенін.
Гүлденесің, көркейесің жетіліп,
Бергеніңнен берерің мол сенемін!*

*Зейнеткер Сары Жақсылық
Ақтау қаласы 2021 жыл.*

«Үздік маман - 2021»



ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК,



Өндіріс – үнемі өзгеріс үстінде тұратын өнеркәсіп түрі. Ал оның өзгеруі, өсуі мен өну қарқыны Компанияның кадрлық әлеуетіне тікелей тәуелді. Білікті һәм шебер кадрлық құрам кәсіпті өркендетуге ғана емес, сондай-ақ өндіріс ошағында орын алуы мүмкін түрлі тәуекелдердің алдын алуға жол ашады. Сондықтан адами ресурстарды тиімді ұйымдастыру, олардың шыңдалуына жағдай жасау - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының басты бағыттарының бірі десек, артық айтқанымыз болмас. 2011 жылы бастау алып, жыл сайын мұнайшы мамандар арасында өткізіліп келе жатқан «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының да түпкі мақсаты осы!



Мұнай және газ өндіру операторы мамандығы бойынша:

I орын - Саметдинұлы Сәкен, «ЖМГ» ӨБ 4-дәрежелі операторы;
II орын - Серікбаев Қуаныш, «ЖМГ» ӨБ 4-дәрежелі операторы;
III орын - Құрақбаев Бахтияр, «ЖМГ» ӨБ 3-дәрежелі операторы.



Қабат қысымын ұстау операторы мамандығы бойынша:

I орын - Алдабергенов Қуандық, «ЖМГ» ӨБ 4-дәрежелі операторы;
II орын - Еділов Нұрбол, «ЖМГ» ӨБ 5-дәрежелі операторы;
III орын - Төлеубеков Аманбек, «ЖМГ» ӨБ 4-дәрежелі операторы.

Биылғы байқау да әдеттегідей екі кезеңге бөлініп, химиялық талдау зертханашысы, ұңғымаларды зерттеу операторы, қабат қысымын ұстау операторы, слесарь-жөндеуші, электргазбен дәнекерлеуші, мұнай және газ өндіру операторы және темір жолшысы сынды жеті түрлі мамандық бойынша өтті. Алғашқы кезеңге қатысуға 124 маман ниет білдіріп, олар «Қаламқасмұнайгаз» бен «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармалары ішінде өткен өзара сайыста іріктеуден өтті. Одан суырылып шыққан 42 маман екінші кезеңге жолдама алып, маусым айының 28-29 жұлдызы аралығында «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы қабырғасында өткен актық сайыста сынға түсті.

Байқаудың бірінші күні қатысушыларды тәжірибелік тұрғыдан сынауға арналды. Әрбір мамандық иесі өзінің тікелей қызметтік міндеттемесі бойынша тапсырмаларды орындап, іс жүзіндегі шеберлігін көрсетті. Ал екінші күні теориялық тұрғыдан сынақтар болды. Мамандар тестілеуге қатысып, кәсібінің қыр-сырын ашатын түрлі ережелер мен жұмысты қауіпсіз жүргізуге қатысты сұрақтарға жауап берді.

Бүгінде өзектілігі мен маңыздылығы ескеріліп, дәстүрлі шаралардың біріне айналған бұл шараның негізгі мақсаты, жоғарыда айтып өткеніміздей, мамандардың еңбекке деген ынтасын күшейтіп, кәсіби шеберлік мен теориялық дайындығын шыңдау арқылы өндіріс қарқынын арттыру. Сонымен қатар бұл байқау мұнайгаз саласы жұмысшы мамандықтарының кадр-қасиетін арттыруға, озат мамандардың үздік тәжірибесін насихаттауға, өндірісте өзара бәсекелестік тудыру арқылы жана технологиялар мен тың тәсілдерді қолданысқа енгізуге жол ашып отыр. Байқауға қатысуға ниетті мамандар санының жыл санап артуы осы пікіріміздің дәлелі деп білеміз. Оған қоса, соңғы жылдары еңбек өнімділігі мен оның сапасының артуы және мамандар тарапынан қауіпсіздік талаптарының жіті сақталуы байқалып келеді. Бұл оңтайлы өзгерістерге де осы бір байқаудың жанама қатысы бар деген ойдамыз.

Сонымен, биылғы байқау мәресіне жетті. Жеті түрлі мамандық бойынша 21 маман «Үздік» деген атаққа ие болды. Ендеше, таныс болыңыздар:



Ұңғымаларды зерттеу операторы мамандығы бойынша:

I орын - Мақсатұлы Жомарт, «ЖМГ» ӨБ 4-дәрежелі операторы;
II орын - Жұрымбаев Айбек, «ЖМГ» ӨБ 4-дәрежелі операторы;
III орын - Сармурзин Ақылбек, «ЖМГ» ӨБ 3-дәрежелі операторы.



Химиялық талдау зертханашысы мамандығы бойынша:

I орын - Джайлиханова Нұржамал, «ЖМГ» ӨБ 3-дәрежелі хим. талдау зертханашысы;
II орын - Дүймбаева Күлаш, «ЖМГ» ӨБ 4-дәрежелі химиялық талдау зертханашысы;
III орын - Құттыбаева Әсем, «ЖМГ» ӨБ3-дәрежелі химиялық талдау зертханашысы.

МЫҢНАН ТҰЛПАР!



Слесарь-жөндеуші мамандығы бойынша:

I орын - Нөкерев Ерәділ, «ЖМГ» ӨБ 5-дәрежелі слесарь-жөндеушісі;
 II орын - Оңғалиев Кенжебек, «ЖМГ» ӨБ 4-дәрежелі слесарь-жөндеушісі;
 III орын - Әметов Жаннат, «ҚМГ» ӨБ 5-дәрежелі слесарь-жөндеушісі.



Темір жонушы мамандығы бойынша:

I орын - Куницкий Александр, «ҚМГ» ӨБ 6-дәрежелі темір жонушысы;
 II орын - Чимбаев Нұрлан, «ЖМГ» ӨБ 5-дәрежелі темір жонушысы;
 III орын - Иман Рахат, «ЖМГ» ӨБ 5-дәрежелі темір жонушысы.



Электрғазбен дәнекерлеуші мамандығы бойынша:

I орын - Мақтымбердиев Шыңғыс, «ЖМГ» ӨБ 4-дәрежелі электрғазбен дәнекерлеушісі;
 II орын - Балғазиев Әнуарбек, «ЖМГ» ӨБ 4-дәрежелі электрғазбен дәнекерлеушісі;
 III орын - Салтанатов Қуандық, «ЖМГ» ӨБ 5-дәрежелі электрғазбен дәнекерлеушісі.

Барлық мамандарды жеткен жетістіктерімен құттықтаймыз. Өз кәсібінің үздігі болу, өзіне жүктелген міндеттемелерді қауіпсіз әрі сапалы орындау түптеп келгенде Компания үшін ғана емес, қызметкерлердің өздері үшін де маңызды. Сапалы қызмет тұрақтылық пен материалдық игіліктерге жол ашады. Сондықтан екі тараптың да мұқтаждығын қанағаттандырып отырған «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының өміршең боларына еш күмәніміз жоқ. Барлық жеңімпаздар естелік сыйлықтармен марапатталып, жыл бойы жалақыларына қосымша ретінде арнайы үстемақы алып отыратын болады.

Сөз соңында Басқарма мүшелерінің осы байқаудың ұйымдастырушыларына – комиссия мүшелері мен өндірістік басқармалар басшыларына, сондай-ақ жеңіс тұғырынан көріне алмаған барлық қатысушыларға деген алғысын да жеткізе кеткіміз келеді. Бұл додада ұтылғандар жоқ, барлығын да жеңімпаз деуге болады. Себебі «Үздік маман» байқауы бұл бірінші кезекте қызметкерлер арасындағы тәжірибе алмасу алаңы. Байқау кезінде әріптестерінен көріп, үйренген өнерлері ертең оларды өмірдің жеңіс тұғырына көтерері сөзсіз.

Ғ.Әбдісадық

Еңбек адамы

БЕКТҰРЖАННЫҢ БЕЛЕСІ

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!», – дейді халық. Бүгінгі әңгімеміз осы мұнай саласында ұзақ жыл еңбек етіп, ел экономикасының нығаюына үлес қосқан «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехының 4-дәрежелі компрессор машинисі Бектұржан Сенбекұлы жайында болмақ.

Бектұрсын Бектұржан Түркіменстанның бұрынғы Красноводск облысында 1960 жылы 15 қаңтарда туған. Мектеп бітірген соң, кәсіптік техникалық училищеде жер қазатын машиналар машинисі мамандығын, мұнай техникумында мұнай және газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарын күту және жөндеу, техник-механик мамандығын меңгеріп шыққаны мақсат-мұратының жүзеге асуына сеп болғанын айтады. Әкесі Сенбек Исасатұлы агрегат, ППУ жүргізушісі болып Тампонаж, УУТТ-2, БУТТ мекемелерінде еңбек етіп, кейіннен зейнеткерлікке шыққан. 2008 жылы «Маңғыстаумұнайгазға» жұмысқа орналасып, ел экономикасының дамуына бар қажыр-қайратын жұмсап, мұнай саласының өсіп өркендеуіне елеулі үлесін қосып жүрген Бектұржанның мұнай саласында еңбек етіп жүргеніне биыл 42 жыл толады екен. Уақыт озған сайын Жетібайдың мұнайын игергендер қатарында Бектұржан ағаның да есімі ерекше аталады. Майталман маманның 42 жылдық еңбек баяны адал еңбек, маңдай термен жазылған.

– «Өзенмұнайгаз» АҚ-на қарайтын «УРНОИТК» мекемесінің құбыр жөндеу цехында компрессор машинисі болып

жүргеніме цех бөлініп, жекеге сатылып кетті. Екі жылға жетпей жұмыс көлемі болмағаны себепті цех жабылып, төрт ауысыммен істейтін 120 адам түгелдей қысқартылды. Мен сәті түскенде техникумдық білімнің арқасында 2008 жылы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына жұмысқа орналасып кеттім. Одан бері айлық жалақымыз да біршама өсті. Әлеуметтік жағдайымыз да жақсарды, – дейді аға маман. Бектұржан аға бүгінгі өндіріс үдерісіне тоқталып өтті:

– Газокомпрессор станциялары «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бойынша газды сепарациялау торабы жанында, мұнай айдау және өткізу цехы жанында, солтүстік Қарақия бағытында орналасқан екен. Газ сепарациялау торабы жанындағы компрессор станциясы жақында тағы бір қондырғымен толыққан. Енді баяғыдай газ далаға кетпей, халық қажеттілігіне орай, Қазақ газ өңдеу зауытына жөнелтіліп жатыр. Әр модульдық компрессор станциясында төрт ауысыммен 8 маман жұмыс істейді. Бұл мамандық білімді, ыждағаттылық пен еңбек сүйіштікті талап етеді. Қазір қай салаға бет бұрам десем де мүмкіндік көп. Тек ерінбей еңбектенсең ғана, мұратқа жетесің.



Ізденімпаз жастардың қатары көбейгені-елдің болашағы үшін жақсы ғой, – дейді аға маман.

Бектұржан аға қолы қалт еткенде домбыра тартқанды ұнатады екен. Қарапайым еңбек адамының 20-дан аса күй білетіні бізді таңғалдырмай қоймады. «Маңғыстауға мұнайшы болам деп келдім» деген кәсіби маман бүгінде адал жарымен ұл-қыз тәрбиелеп отырған бақытты шаңырақ иесі. Бүгінде қыздарын қазақы дәстүрмен

құтты орнына қондырған. Үлкен ұлы Райым Сенбек Абыл Тарақұлы атындағы балалар өнер мектебінде эстрада-вокалдан сабақ беріп жүр. Кіші ұлы Жансерік Сенбек Отан алдындағы борышын өтеп, "Есік-2" мекемесіне 2-дәрежелі электромонтажшы шәкірті болып жұмысқа тұрыпты.

Киелі түбектен табанды еңбекпен бақытын тауып, «қара қазан, сары баланың» несібесін түгендеген жарасты ғұмырына дән риза Бектұржанның беделі қашанда биік.

АБЫРОЙ АРҚАЛАҒАН МАМАН

Ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының лаборанты Маржан Көшімова 40 жыл еңбек өтілінде жақсы сөз, абыройлы атақ арқалаған жан. Жолдасы екеуі бүгінде 3 бала тәрбиелеп отырған бақытты отбасы.

– Білетіндер айтады ғой, «танертең – жұмысқа, кешке – үйіңе асыққаннан артық бақыт жоқ» деп. Шындығында да ұжымдағы ынтымақ пен жанұядағы ізгі-ілтипаттан асқан байлық жоқ деп ойлаймын. Жұмыстан шаршап келгенде шаңырақтағы тәттілердің шат күлкісі барлық ауыртпалықты ұмыттырады. Келіндерімнің тік тұрып көрсететін ілтипаты мен қызметінің өзі қандай! – деп марқаяды кейіпкеріміз.

Маржан 1961 жылы осы өңірде туған. Мұнай өндіру ісі мен оны дайындау қондырғыларында жұмыс тәжірибесін жетілдіріп, 1987 жылы өндірістік жұмыстарды ғылыми зерттеу цехына лаборант болып ауысқан екен. «Бұл жерде еңбек еткеніме ширек ғасырға жуық уақыт болады. Ел экономикасының күретамырына



айналған мұнай-газ саласында қызмет ететінімді мақтан тұтамын», – деп жылы жымияған Маржан Серәліқызының қимылы тым ширақ.

Маржан өскен әулетті әріптестерінің «мұнайшылар династиясы» деп атайтыны

бар. Айтса айтқандай, әкесі Серәлі НГДУ мекемесінде бұрғышы боп ұзақ жыл еңбек етті. Кейін туған апасы мен ағалары да осы мұнай саласына бет бұрды. Жолдасы Қалмұқанбет Сарманов бұрын «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасында

бұрғышы қызметін атқарса, қазір көлік департаментінде автослесарь боп жасайды. Олардың әрқайсысының еңбек жылдарын бір санға біріктірсек, ғасыр айналары сөзсіз.

«Қазір бұрынғы жылдармен салыстырғанда зертханамызда көптеген өзгерістер бар, жаңа технологиялардың көмегімен мұнайдың суын, тұзын топырағының сапасын тексереміз. Зертханамыз заманға сай жабдықтармен қамтамасыз етілген, өндірістегі ұстаздарым Алмаш Алмұрзаева, лаборанттық жұмысқа баулыған Ханшайым Байжуановаға шексіз алғыс айтқым келеді», – дейді кәсіби маман.

Маржан Көшімова еңбек ететін цех бригадалық құрамда жұмыс жасайтын болғандықтан, әр жұмысшы өз міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Маңғыстаудың желі, аптап ыстығы мен аязында белі қайыспай, еңбек етіп жүрген аяулы жандардың ерлігі сан кітапқа арқау болары анық. Елдің несібесін молайтып, отбасындағы жылылықтың жанашыры болған Маржан Серәліқызы ынтымақ-бірлігі жарасқан ұжымына дән риза, сүйікті кәсібіне адал.

Жаннат Кемал

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

«ТАЗА БОЛСА ТАБИҒАТ, АМАН БОЛАР АДАМЗАТ»

Биыл Экологиялық кодекс бекітілді, жер қойнауын пайдаланушылардың экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуіне баса назар аудару үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы арасында 2021 жыл «экология жылы» деп жарияланған болатын. Осы бағытта компанияда да іс-шара жоспары бекітіліп, экологиялық насихат және ағарту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Қаламқас және Жетібай кенорындарында құрылыс-монтаждау қызметтерін көрсететін ірі кәсіпорындардың бірі ретінде қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау - компанияның алға қойған басты мақсатының бірі. Кенорындағы компания объектілерінде құрылыс қалдықтарының уақытылы шығарылып, қайта өңдеуге жіберу бойынша үздіксіз жұмыс атқарылып келеді.

5 маусым - дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында ерекше көрсеткіштерге қол жеткізген қызметкерлер экологияны қорғау жұмыстарына қосқан зор үлестері үшін Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінің шеберлері – Ерғали Қарқынбаев, Өтесін Қойшығұлов, құрылыс құрылмалары монтажшысы Құдайберген Кемалов, сыртқы құбыр монтажшысы – Досан



Қаржаубаев, пісіруші – Аллаберген Жовулбаевтарға бас директор Ақылбай Сапаров Құрмет грамотасын табыс етті.

Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметі бойынша диспетчер Амандық Тянов, сыртқы құбыр монтажшысы Еркін Есетов, құрылыс құрылмалары монтажшысы Талғат Минджасов, оқшаулаушы Закария Теңізбаев, құрылыс

құрылмалары монтажшысы Жұмажан Кенжебаев қоршаған ортаны қорғау жұмыстарындағы жетістіктері үшін марапатталды.

Балаларды табиғат әсемдігін көре білуге, оны аялауға, қорғауға тәрбиелеу мақсатында «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» тақырыбында жұмысшы балаларының арасында асфальтқа сурет салу байқауы ұйымдастырылды. Байқауға әртүрлі жастағы 40-тан аса бүлдіршін қағысты. Олардың жұмыстарын қызу талқылау нәтижесінде 5-9 жас аралығы бойынша I орынды Айназ Айдарбайқызы, II орынды Айкөркем Жармұхамбет, III орынды Айзере Ералы иеленді.

Ал 10-12 жас аралығы бойынша I орынға Мейрамбек Қырықмылтық, II орынға Аружан Нысанова ие болды. Сондай-ақ Жансая Төлептің салған суреті III орынға лайық деп танылды. Жеңімпаздарға Құрмет грамотасы мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Лаура Акимова,
«Oil Construction Company» ЖШС
Қауіпсіздік техникасы, еңбекті және
қоршаған ортаны қорғау бөлімінің экологы

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

«ОТК»-да - ОҢ ӨЗГЕРІС

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС Маңғыстау технологиялық көлік басқармасының автопаркі жаңа «Hyundai Universe» үлкен класты заманауи қалааралық автобустарымен жаңарды. Модификациясы luxury саналатын автобустың сыйымдылығы 43 адамға арналған.

Автобус кілттерін табыстау рәсіміне «ОТК» компаниясының бас директоры Ербол Тұрғиязов, «ОТК» ЖШС қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының төрағасы Марат Темірқасов, Бас директордың персоналды басқару және әлеуметтік саясат бойынша орынбасары Нұрлан Құрмашев қатысты.



«Көліктердің тұрақты және кідіріссіз жүруін қамтамасыз ету – мекемеміздің негізгі мақсаты. Ал жұмыстың жоғары деңгейде орындалуы және жүктелген міндеттің қалтқысыз атқарылуы техникалардың сапасына байланысты екені белгілі. Сол себепті қалааралық автобустың негізгі моделі болып саналатын осы автобустарды алуы жөн санады. Ең бастысы бұл көліктер жүргізуші мен жолаушылар үшін жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ең заманауи жүйелермен жабдықталған. Автопарктің жағдайын жақсарту мақсатында осы жылы 4 автобус алған болсақ, алдағы уақытта тағы 8 жаңа автобуспен толықтыру жоспарымызда бар. Сіздерге жолда сақтық пен сәттілік тілеймін», - деді Е.Тұрғиязов.

Салтанатты шарада кәсіподақ төрағасы Марат Бөребайұлы мекеме автопаркінің жаңартылғанына қуанышты екенін айтып, қызметкерлердің сапарлары сәтті, жұмыстары табысты болуын тіледі.

Үлкен автокөлік кілтін ие болған қызметкерлер жаңа автобустар жаңа

мүмкіндіктерге жол ашатынына нық сенімді. МТКБ жүргізушісі Бердіқожа Атшыбай:

«Көлік саласының қызметкерлері болғандықтан және жұртшылықпен тікелей жұмыс істейтіндіктен жолаушылардың қауіпсіздігі біз үшін бірінші орында тұрады. Жаңа автобуспен жол жүру ыңғайлы әрі жайлы. Алдағы уақытта автопарктың әлі де жаңартыла түседі деп сенеміз. Жаңа автобус көлігін тізгіндеген әріптестерімді құттықтаймын. Басшылардың қажырлы еңбектеріне ризашылық білдіремін», - ақжолтай тілегін жеткізді.

Жаңа автобустардың алғашқы сапары Қаламқас кенорнын бағдарға алды. Мекеме басшылығы алыс жолға шыққан жолаушыларды жаңа автобустарға мінгізіп, ақ жол тілеп шығарып салды. Біз де өз кезегінде автокөлік тізгіндеген ағаларға әрдайым сәт сапар, зор денсаулық пен мол табыс тілейміз.

ӨНЕРЛІ БАЛА ӨРГЕ ЖҮЗЕР



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС қызметкерлерінің бүлдіршіндері арасында сурет байқауы өтті.

Аталған байқауда бүлдіршіндердің қоршаған ортаға деген түсініктерін кеңейту, экологиялық жүйеге нұқсан келтірмеу, биологиялық алуан түрлілікті сақтау мен табиғатты тиімді пайдалану сынды дүниелер тәрбие құралы ретінде қолданылып, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін жетілдіруге ерекше ден қойылды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бастамасымен 2021 жыл «Экология жылы» деп жарияланғандықтан, «ОТК» мекемесі қылқалам шеберлерінің байқауын экология тақырыбында өткізді. Бүлдіршіндердің өз қолымен салған туындылары таныстырылып, ұйымдастырушылар әр туындыны жеке бағалады.

Шығармашылық байқауға қатысқан балалар табиғат ананы қорғау жолында қандай іс-әрекеттер жасалуы тиіс екенін ашық көрсете білді. Байқауда ең кішкентай бүлдіршінің жасы не бәрі 6 жаста, үлкені 13 жасқа толған екен.

«ОТК» ЖШС бас директоры Ербол Тұрғиязов байқау барысында балаларды мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. «Егемен елдің ертеңі болар бүгінгі өрендерге жан-жақты тәрбие беріп, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз етіп, толыққанды білім алуына жағдай жасау

– біздің міндетіміз деп білемін. Биыл бүлдіршіндерді мерекемен құттықтап, осындай шара өткізуді ұйғардық. Балалар да, ата-аналар да қуанып жатыр. Біз соған ризамыз», - деді мекеме басшысы.

Байқауда қазылық еткен «ОТК» ЖШС қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының төрағасы Марат Темірқасов: «Экологиялық білім мен тәрбие беруді күшейту – қазіргі өмір талабынан туындап отырған қоғам алдында тұрған басты мәселе. Сондықтан өзімізді қоршаған табиғат байлығын қалыпты жағдайда ұстау – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз, біз бұл міндетті жас ұрпаққа жеткізе білуіміз керек», - деді.

Байқауға қатысқан 12 жасқа дейінгі балақайлардың ішінен бірінші орынды Камила Келдібаева жеңіп алды. Жүлделі екінші орынға Диас Амантұрлы ие болса, үшінші орынды Бексұлтан Есеналиұлы қанжығасына байлады. Бұдан өзге, табиғат қорғаушысы Аяулым Жантілеу, Сымбат Бердібек, Гүлбану Избасар үздіктер қатарынан көрінді.

Жеңімпаздарға «ОТК» мекемесінің кәсіподағы атынан арнайы дипломдар мен сыйлықтар табысталып, көркем сурет байқауына белсене қатысқан барлық қылқалам шеберлеріне сурет салуға қажетті құрал-жабдықтар салынған сөмке сыйға тартылды.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС

БАЙЛАНЫС САЛАСЫНЫҢ БІЛГІРІ

Биыл Жетібай мұнайына 60 жыл. Кәсіпорын мерейтойы жақындаған сайын қара алтын игеру жолында қажырлы еңбегін сарып еткен зейнеткер мұнайшыларға да айрықша алғыс айтуды жөн санадық. Абыройлы еңбегі арқасында шексіз құрметке ие болған байланыс саласының ардагері - Рахмет Ізтұрғанұлы.



Маңғыстауда туған Рахмет Артықбай бар саналы ғұмырын туған жерінің көркеюіне арнап, өнердің өркениет көшінен қалмай, байланыс саласын жетілдіру жолында бар күш қуатын, білімін, жігерін аямады. Әкесі - Ізтұрған Артықбаев Ұлы Отан соғысының мүгедегі, 2 аяғынан жараланып, 1943 жылы елге оралған. Маңғыстау ауданының мал дайындау конторында ет дайындау агенті қызметін атқарды. Апасы - Марияш 1959 жылы тұрмыс құрған соң, бала Рахмет 15 жасында мектептің 8-ші сыныбын аяқтап, отбасына көмектесу мақсатында еңбекке ерте араласты. Маңғыстау аудандық «Еңбек туы» газетінде әріп теруші боп, тәлімгер ағаларынан біраз тәлім-тәжірибе жинады. Кейіннен «Коммунистік еңбек екіпіндісі» атанып, фотосуреті аудандық құрмет тақтасына ілінді. 1962 жылы Маңғыстау ауданы Форт-Шевченко ауданымен біріктіріліп, орталығы Форт-Шевченко қаласына көшірілді. Аудандық газет таратылды. Жұмыссыз қалған Рахмет Комсомол ұйымының бұрынғы аудан орталығындағы байланыс мекемесіне есепші болып жұмысқа тұрды. Табиғатынан қағылз, еңбекқор ол ағасы Мамай Ізбеновтың үйретуімен есепшілік жұмысты да тез меңгеріп алды.

Маңғыстау ауданында байланыс мамандары тапшы болғандықтан Рахмет Ізтұрғанұлы Ташкент қаласындағы Электротехникалық байланыс институтына қабылданып, 1969 жылы бітіріп шықты. Кейіннен әскер қатарына алынып, Түрікменстанның Мары қаласында азаматтық борышын өтеді.

Әскерден оралған соң, «Мангышлак-нефть» өндірістік бірлестігінің байланыс бөлімшесіне жұмысқа кірді. Жаңаөзен байланыс цехының бастығы болып тағайындалып, Рахмет Ізтұрғанұлы байланыс торабын қайтадан жабдықтауға кірісті. Ол кезде Ақтау байланыс цехы мұнай кәсіпорындарымен байланыс телефон бағаналарымен тартылған сыммен жүретін. Ақтау-Жетібай-Жаңаөзен мұнай құбырларының бойымен жүргізілген кабелдік жүйеге көшірілді. Қалалық байланыс жүйесіне 2000 номерлік координатты автомат станциясы орнатылды. Кенорнындағы мұнай газ орталықтарына жер астымен кабель тартылып, кенорнындағы самсап тұрған телефон бағаналары жойылды. Осы нәтижелі жұмысы үшін Рахмет аға «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

1973 жылы 20 сәуірде Маңғыстау облысы құрылғаннан кейін, Рахмет Ізтұрғанұлы Облыстық Байланыс басқармасының шақыруымен Ақтауға ауысып, басқармадағы жобалау-жабдықтау бөлімінің бастығы қызметіне кірісті. Аудандарға 2000 номерлік, елді мекендерге 50 номерлік телефон станциялары қойылды. Елді мекендер арасына көп каналды кабель жүйелері тартылып, телефон бағандарымен жүргізілген телефон сымдары жойылды. 1980 жылы «Мангышлак-нефть» Өндірістік бірлестігінің Байланыс басқармасының шақыруымен қайтып келіп, мұнай шыққан жаңа

кенорнында байланыс жүйелерін жүргізумен айналысты.

Рахмет Ізтұрғанұлының еңбегі бағаланып, «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Маңғыстау мұнайына 50 жыл», «Маңғыстау облысына 40 жыл» медальдарымен марапатталды.

Халықтық ұйымдар құру жөніндегі ҚазССР Жоғарғы кеңесінің тапсырмасы бойынша, Сайын Шапағатовтың басшылығымен Қазақстанда алғашқы болып аймақтық «Парасат» қоғамын құруға өз үлесін қосты. Республикалық «Азат» қозғалысының негізін құруға қатысты. Облыстың атауын Маңғыстау, Шевченко қаласының атын Ақтау, Ералы кентінің атын Құрық аталуына атсалысты. Қоғамдық ұйымның ықпалымен «Қашаған Күржіманұлының 150 жылдығы», «Тобанияз Әланияұлының 120 жылдығы» атап өтіліп, облыс орталығында ескерткіштері орнатылды. Әр түрлі ұлттардың құқықтары қорғалып, салт-дәстүрлерін сақтау мақсатында Республикалық халықтар кеңесі құрылып, оның төрағасы Жаздырхан Сейдалиев, хатшысы болып Рахмет Артықбаев сайланды. «Парасат» қоғамын облыс халқы түгелдей қолдады. Халықтың мұң-мұқтажын, басындағы қиын жағдайларын жақсартуға бағытталған ауқымды істердің азаматтық борышын өтеді.



басы - қасында сол кездері ұлтжанды азамат Рахмет ағаның жүргені ел есінде. Қайнаған қызу тіршіліктің қас ортасында жүріп, талай қиындықты еңсерді. Мандай термен нәпақасын тауып, ел қатарлы еңбек етті.

Бүкіл саналы ғұмырын, еселі еңбек жолын айлақтың байланыс жүйесін жаңғыртуға арнаған Рахмет Ізтұрғанұлы бүгінде құрметті еңбек демалысында. Рахмет ағаның 50 жыл отасқан жары Ынтазар Айтуарқызы «Мангышлак-нефть» Өндірістік бірлестігінің Байланыс басқармасында электромеханик боп ұзақ жыл қызмет етті. Әке жолын қуған ұлы Қанат Рахметұлы қазіргі таңда байланыс жүйесінде жұмыс жасайды. Немересі Райымбек Қанатұлы да осы мекемеде ата жолын жалғаған үшінші буын өкілі екенін айта кету керек.

Бүгінде 3 ұл, 2 қыздан тараған ұрпақтың ортасында қариялық салтанатын қызықтаған ардагерге көзіміз де, көңіліміз де сүйсінді. Омырауына таққан медальдері – сол жастығының жәдігері, ерен еңбегі мен ерлігінің дәлелі.

«Мұнайтелеком» ЖШС

Марапат

ӨНДІРІС ИНСПЕКТОРЛАРЫНЫҢ МЕРЕЙІ ӨСКЕН КҮН

Еске салсақ, ҚР Еңбек Кодексінің 203-бабына сәйкес, компанияда өндірістік кеңес құрылған болатын. Өндірістік кеңес «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы ережеге» және «еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің жұмыс қағидаларына» сай жұмыс беруші қызметкерлер және техникалық еңбек инспекторлары арқылы өз жұмысын мүлтіксіз атқарып келеді.



Өндірістік кеңес жұмыс беруші мен Қоғам қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жаракаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады. Сондай-ақ, техникалық инспекторлардың жұмыс орындағы еңбек жағдайы мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша тексеріс жүргізіп, бекітілген кестеге сәйкес компанияның өндірістік кеңестерін өткізеді.

1 шілде күні өндірістік кеңес жиынында кеңес мүшелері мен техникалық инспекторлары марапатталды. Жиында Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басшысы Б. Ләтіп өндірістік кеңестің және

техникалық инспекторлардың жұмысы туралы баяндама жасады.

Жиын соңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тарғын Мысамбаев өндірістік кеңес мүшелері мен техникалық инспекторлардың жұмысына оң баға беріп, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ техникалық инспекторлары А.Беккулов, Б.Дабысов, Т.Конрабаевты, «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ техникалық инспекторлары Ж.Төлегенов, Р.Жанабергенов, Е.Төлегеновты ақшалай сыйақымен марапаттады.

Б. Ләтіп,
Еңбекті қорғау және
өнеркәсіптік қауіпсіздік
қызметінің басшысы

Спорт

ЖАСЫЛ АЛАҢ ЖАМПОЗДАРЫ

Биыл – Маңғыстау мұнайының 60 жылдық мерейтойы. Осы атаулы күнге орай «Қазақстанның мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» кубогы үшін ардагерлер арасында шағын футболдан турнир өтті. Спорт жарысына өңірлерден арнайы ардагерлер командалары қатысты.

Спортсүйер мұнайшылар алдымен Маңғыстауда алғаш мұнай бұрқағы атқылаған Жетібай кентіне барып, мұнайшылар аллеясына гүл шоқтарын қойып, өткенге құрмет, тарихқа ізет көрсетті. Сондай-ақ мұнайлы өлке тарихынан сыр шерткен «Еңбек даңқы» мұражайын аралады.

– Мұражай арқылы тарихымызды танып, бұрынғы өткен мұнайшы ардагерлерге құрмет көрсетіп, турнирді ізгі ниетпен бастасақ деп отырмыз. Негізгі мақсат – салауатты өмір салтын насихаттау. Бұл турнир – төл мерекеміздің ізгі бастауы. Маңғыстау мұнайының 60 жылдығы – баршаға ортақ мереке. Тек Маңғыстау жұртшылығының ғана емес, бүкіл елдің қуанышы. Мереке құтты, турнир сәтті болғай, – деді «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сұлтан Қалиев.

Мұнайшы ардагерлердің турнирі биыл үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Мерейлі мерекеге орайластырылған спорт сайысына өңірлерден бес команда қатысты. Атап өтер болсақ, Атыраудан «Теңізшевройл» кәсіподақ ұйымының «Жайық» командасы, Нұр-Сұлтан қаласынан «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіподағының» ардагерлері командасы, Маңғыстаудан үш команда – «Маңғыстаумұнайгаз», «Қаражанбас», «Ойл транспорт корпорэйшн». Қатысушы ардагерлердің жас ерекшелігі – 50 жастан жоғары.

Футбол турнирінің ашылу салтанатында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Қалбай Ізмұханов мерейлі мерекемен құттықтап, қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

– Құрметті қонақтар, ардагер ағалар. Бүгінгі турнир мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіподағының ұйытқы болуымен Маңғыстау мұнайының 60 жылдық мерейтойына арналып өтіп жатыр. Мұнайшыларымыз өндірісте еңбек етіп қана қоймай, салауатты өмір салтын насихаттауға белсене қатысып келеді. Барлық командалар турнирде жақсы ойын көрсетіп, сәтті өткізулеріне тілектеспін, – деді Қалбай Әжімбайұлы.



Мерекелік шараға тұңғыш рет Қазақстан футболының әйгілі жұлдызы, «Қайрат» футбол командасының ардагері, Қазақстан футбол федерациясы президентінің кеңесшісі, КСРО спорт шебері Сейілда Байшақов қатысып, мұнайшылардың мәртебесін көтеріп, мерейін асыра түсті.

– Қазақстан футболының ардагері ретінде спорт турниріне шақырылғанымға өте қуаныштымын. Маңғыстауға алғаш рет 1975 жылы «Қайрат» командасының ойыншысы ретінде келген едім. Енді, араға ұзақ уақыт салып үлкен мерекеге орай қонақ болып келіп жатқан жайымыз бар. Осы атаулы мерекенің құрметіне өтетін турнирге бес команда қатысады. Мұнайшылардың жұмысы оңай еместігі баршаға аян. Сондықтан осындай мерекеде мұнайшы ардагерлердің бас қосуы – өте қуанышты жаңалық, – дейді ардагер футболшы.

Өндірісте аянбай еңбек еткен мұнайшы ардагерлер жасыл алаңда да белсенді ойын көрсетті. Командалардың турнирге тыңғылықты дайындықпен келгені алаңдағы аяқ алыстарынан-ақ аңғарылып жатты. Екі күнге жалғасқан жарыстан соң жеңімпаз командалар анықталды. Ала доп аламаньында топ жарған «Маңғыстаумұнайгаз» командасы бірінші орын алып, турнир кубогына ие болды. Ал «Қаражанбасмұнай» командасы екінші орынға шықса, атыраулық «Жайық» үшінші орынды қанжығаға байлады. Сондай-ақ бірқатар ойыншыларға «Үздік ойыншы», «Үздік қорғаушы», «Үздік қақпашы», «Үздік шабуылшы», «Ең ересек ойыншы», «Жеңіске деген жігері үшін» номинациялары да берілді. Қатысушы командалардың барлығына арнайы сый-сияпаттар мен грамоталар табысталды.

Жайық НАҒЫМАШ

БАҚҰЛ БОЛЫҢЫЗ, ЖАЛҒАСБАЙ АҒА!



1988-1998 жылдары мұнай-газ саласының өркендеуіне үлес қосып, өндірістің сол кездегі қаржылық қиындықтарды оңай еңсеруіне сүбелі үлес қосқан мұнай-газ саласының ардагері Төлеев Жалғасбай Жексенбайұлы 79 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Жалғасбай Төлеев 1942 жылы 23 тамызда Башқұртстанның Баймақ қаласында дүниеге келген. Жастайынан қоғамдық қызметтерге белсене араласқан ол, Лубенкадағы кеңшардың партком хатшысы қызметіне сайланып, абыройлы еңбек еткен. Есеп-қисапқа жүйрік Жалғасбай Жексенбайұлы кейін Лубенка кеңшарының бас есепшісі болды. 1982 жылы елге оралып, Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтынан жоғары білім алған. Маңғышлақ облыстық ауылшаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, экономика және жоспарлау бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. 1983-1988 жылдар аралығында облыстық партия комитетінің инструкторы қызметінде болған. 1988 жылдан 1990 жылға дейін «Жетібайнефть» ірі өндіріс орынында бас есепші, кейін «Маңғышлақнефть» кәсіпорынында бас есепшінің орынбасары қызметтерін атқарған. Еліміз тәуелсіздік алып, өз алдына бөлек шыққаннан кейін 1993-1998 жылдары «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында бас есепші лауазымында болды. 2006 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС-де директордың орынбасары, «Темірбанк» АҚ-да директордың шаруашылық істері жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

Жалғасбай Төлеев өз мамандығының қас шебері еді. Еңбекқорлық пен адалдық, ізгілік пен мейірімділік қасиеттері бойынан табыла білген азаматтың жарқын бейнесі оны білетіндердің жүрегінде мәңгі сақталады.

Марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып мұнайшылар атынан, көңіл айтамыз. Жаны жәннатта болып, нұры пейіште шалқысын.

КӨҢІЛ АЙТАМЫЗ

СӘРСЕНБАЙ ӨЗБЕКОВ

Қазақ елі 15 жылға жуық мұнайгаз саласының өркендеуіне үлес қосып, өндірістің санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысқан біртуар азамат Сәрсенбай Өзбековпен қоштасты.

Сәрсенбай Өзбеков, 1951 жылы 26 наурызда Өзбекстанда дүниеге келген. 1977 жылы Алматы медицина институтының педиатрлық факультетін бітіріп, Маңғыстау облысында балалар дәрігері болып еңбек жолын бастаған. 1978 жылы Ералиев ауданында учаскелік педиатр, 1980 жылы аудандық аурухананың балалар бөлімшесінде меңгеруші қызметтерін атқарған. 1985 жылы анестезиология-реаниматология мамандығын игеріп алып, негізгі жұмысымен қоса атқарған. 1986 жылы Жетібай аудандық ауруханасында бас дәрігер, 1990 жылы Ералиев ауданы, денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі, аурухананың бас дәрігері лауазымдарында болған. 1998 жылы Ақтау қалалық жедел жәрдем бөлімінің Бас дәрігері қызметінде жүріп, дәрігерлік мамандықтың бірінші санатты анестезиолог-реаниматологы атанған. 2000 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жетібай кенорнының дәрігерлік амбулаториясында бас дәрігер болып жүріп, осы кәсіпорыннан зейнеткерлікке шыққан. Зейнеткерлікте жүріп те 2016 жылы Төтенше жағдайлар Департаментінде психологиялық-медициналық көмек бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған.

Марқұмның біраз жылғы еңбегі бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталарымен және естелік төсбелгілермен ескерілген. Үлкен абырой-беделмен жетпістің желкенін кереген шағында бақилық болған Сәрсенбай Өзбековтың отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: - Ғ.Әбдісадық;
- Л.Жолдыбаева;
- Ж.Кемал;
- А.Ақшаева.
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 ұй, тел: 212-035, 215-266 212-194, 211-885
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

“ADVER” ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000